Компания инженерлері мен мамандары тарапынан кеңестер мен он-лайн режимде өтетін семинарлар бұл технологиялардың қыр-сырын үйренуге басты мүмкіндік береді. Тегін таратылатын мобильді қосымшалар арқылы әр студент өзінің құжат айналымын интеллектуалды тұрғыда басқара алады.

P.S. Коника Минолта бренді интеллектуалды шығармашылықты танытады, инновацияға ұмтылады, сенімділік пен достық ынтымақтастықты орнатады. Компанияның басты ұраны: «Әрқашан клиенттерімізді түсінуге және олардың тілектері мен талаптарын болжауға, сондай-ақ олардың бизнес-міндеттерін шешуге тырысады».

Әйгерім ӘЛІМЖАНОВА,
журналистика факультетінің оқытушысы

Ғылым патшасына саналатын математика ілімінің Қазақстанда өркен жаюына біздің аға буын — математиктер 1960-70 жылдары қыруар жұмыстар атқарды. Олар математиктердің тек Қазақстанда ғана емес, КСРО-ның іргелі математикалық орталықтарында дайындалуына айрықша күш салды. Сондай ұлттық ғылымның айтулы жанашырларының бірі ғана емес, бірегей ретінде математика ғылымының дамуына үлкен үлес қосқан ғұлама ғалым Жәутіков Ахметбек есімі алғашқы болып ауызға алынары сөзсіз. Сол кісі 1959 жылы Сібірде жаңа ашылып жатқан Кеңестер Одағы Ғылым академиясы бөлімшесінің бастығы академик М.А. Лаврентьевпен кездесіп, Новосибирскіде жаңадан есік ашқан университетке өзімізде жақсы оқып жүрген 14 қазақ студенттерін жіберуге келісім жасасқан екен. Сол келісім-шарт бойынша математика, физика мамандықтарына ҚазМУ-ден (қазіргі ҚазҰУ) — 5, ҚазПИ-ден (қазіргі ҚазҰПУ) — 9 студент Новосибирск университетіне қабылданды. Ел сенімін ақтау мойнындағы парыз екендігін жаста болсақ, терең түсінген біздер жақсы оқыдық. Барлығымыз бірдей орыс тіліне жетік болмасақ та, бірінші жылдың өзінде-ақ үшеуіміз беске оқып, ең жоғарғы степендия иегері атандық. Солардың бірі Баимбетов Фазылқан бес жыл бойы үздік оқып, Лениндік стипендия алып жүрді. Соның нәтижесі болу керек, бізден кейін келген қазақ жастарын Новосибирск университеті қашан да жатсынбай қарсы алады.

Қазақ математиктерінің алтын дәуірі

Бұл университетте көптеген атақты академиктер, Нобель сыйлығының лауреаттары, Социалистік Еңбек ерлері сабақ беретін еді. Университеттің ғылым әлеуеті өте жоғары деңгейде болды. Новосибирскідегі Ғылым академиясының бөлімшесі мен Университеті Кеңестер Одағындағы математика ғылымының орталығы десе болғандай еді. Сондықтан болар біздің үлкен ағаларымыз ҚазМУ-дің математика факультетінің деканы Х.И. Ибрашев, ҚазПИ-дің деканы М.К. Сәтбаев математика, физика саласында жақсы оқытын студенттерді Новосибирскіге, Мәскеуге, Ленинградқа үзбей жіберіп отыратын. Нәтижесінде осынау ғылым орталықтарындағы үлкен оқу орындарынан жақсы білім алған, талапты да талантты, білімді де білікті жас мамандар Қазақстанға көптеп келе бастады. Солардың алғашқыларының бірі болып жоғарыда айтылған Новосибирск университетінің 14 түлегі 1964 жылы оқуымызды ойдағыдай аяқтап, Қазақстанға оралдық. Жас маман ретінде Қазақстанның жоғары оқу орындарында математикадан, физикадан жастық жігер, жаңашыл серпінмен ұстаздық пен ғылымды ұштастырған еңбек жолын бастап кеттік.

Академик Баимбетов Фазылқан бастаған үш жас оқытушы қасиетті қара шаңырақ ҚазМУ-ге жіберіліп, ұшқан ұяда қызмет ету бақытына ие болдық. Мен өзім «Математикалық анализ», «Математикалық физиканың теңдеулері» деген негізгі пәндерден дәріс оқып, тәжірибелік сабақтар жүргіздім. Тіпті алғашқы жылдары жаңа екі арнаулы курсты «Сингулярлы интегралдық теңдеулер» (өзім білім алған университетте бұл арнаулы курсты бізге Социалистік Еңбек Ері, академик С.Л. Соболевтің өзі оқыған) және «Ұлғайтылған аналитикалық функциялар» (бұл арнаулы курсты бізге университетіміздің ректоры академик И.Н. Векуа оқыған) жоғары курс студенттеріне оқыдым.

Ал жоғарыда аталған 14-тің екеуі профессор Б. Нақысбеков, Е. Шалбаев — ҚазПИ-де, екеуі Қарағанды университетінде, екеуі Павлодарда, қалғандары тағы басқа қалалардың жоғары оқу орындарына бөлініп, сонда еңбек етті.

Менің бұл айтып отырғаным сол жылдары Новосибирскіде білім алған алғашқы топтың жайы. Ал кейіннен Новосибирскіден де, Мәскеуден де, Ленинградтан да білім алған жастар көбейіп, қазақстандық білікті жас мамандар молая бастады. Олардың

қандай нәтижелерге қол жеткізгендігін шағын мақалада түгендеп шығу мүмкін емес. Бірақ көбінің талантты да дарынды математик болғандарына еш күмән жоқ екендігін атап айта кетуге болады.

Енді сол кейінгі топтағылардан өзім оқытқан, талаптары мен таланттарына көзім жеткен шәкірттерімді онда да, барлығын емес, есте қалғандарын атап өтейін. Алдымен студенттерден бастайын. Менен курстық, дипломдық жұмыстар алып, оны беске қорғап, қызыл диплом алған Ногосбаева, Котоянц деген студенттерімді үнемі жылы ілтипатпен еске алып отырамын. Ал менен дәріс тыңдап, сабақ алған кейін ірі қызметтер атқарып жүрген математик жігіттерден министр болғандар Ж. Күлекеев, Б. Жұмағұлов, Ж. Ертілесова деген студентіміздің орынбасары болды, әлі де сондай үлкен орында қызмет атқаруда. Н. Темірбеков Өскеменде ректор, М. Бектемесов ҚазҰУ-да, С. Қалимолдаева Британ-Қазақ университетінде проректор қызметін атқаруда.

Кейінгі тұста математикадан доктор болғандар көбейе түсті. Солардың еске түскендерін атап өтейін. Олар: Б. Жұмағұлов, Ж. Күлекеев, С. Қалимолдаева, М. Қалимолдаев, М. Дауылбаев, Қ. Абдиев, Ж. Ертілесова, Н. Темірбеков, М. Бектемесов. Әрине, кейбір мен біле бермейтін, тіпті шет елдерде жүргендері бар болуы мүмкін.

Новосибирскіден, басқа да жоғары оқу орындарынан келген және өзімізден оқып шыққан математиктер мен аға буын ағаларымыздың арқасында 1970-80 жылдары математика ғылымы Қазақстанда өте жақсы дамыды. 1970 жылға дейін мен білетін Орынбек Жәутіков, Төлеубай Аманов, Базарбай Оразбаев сынды атақты үш қана доктор математик болған-ды. Аса көрнекті ғалым, математик Мұхтарбай Өтелбаевтың айтуына қарағанда, жаңылмасам, бізде 1970 жылға дейін барлығы 30 математика докторы болса, 1970-80 жылдары, яғни небары айналдырған 10 жылдың ішінде жаңадан 40 математика докторы қатарға қосылыпты. Бірақ 90-жылдан кейін математика ғылымының бәсеңдеп қалғаны да шындық.

Осынау орасан зор жетістіктерге қол жеткізген 1970-1980 жылдарды мен қазақ математика ғылымының «алтын дәуірі» деп атар едім.

Өзім ұстаз ретінде бүгінде 80 жылдығын тойлап отырған университетіме 40 жылдық еңбек жолымды арнағанымды зор мақтаныш тұтамын.

Ермек КАТЕКОВ

ҚАРА ШАҢЫРАҚТЫҢ МЕРЕЙТОЙЫНА АРНАЛҒАН ШЫҒАРМАШЫЛЫҚ БАЙҚАУ

Қасиетті қарашаңырақ ҚазҰУ-дың 80 жылдық мерейтойына орай журналистика факультеті, баспа ісі және дизайн кафедрасының ұстаздары мен студенттік оқу-тәжірибелік «Шуақ» жастар журналы университеттік шығармашылық байқауының қорытындысын жариялады.

Байқау университет көлемінде жүргізіліп, студенттер 8 тақырыптың біреуіне шығарма жазып, байқау ұйымдастырушыларына жолдаған болатын. Жастар байқаумен баспа ісі және дизайн кафедрасының әлеуметтік желілері арқылы танысып, белсене атсалысты. Мұнда 20-ға жуық үздік шығарма сараланып, 3 жеңімпаздың шығармашылық еңбегі ерекше аталды. Тыңнан түрен шыққан студенттердің тырнақалды туындыларынан айтар ой мен жеткізер пікірдің молдығын аңғаруға болады. Мамандығы мен факультеті басқа болса да, шығармашылық қабілеттері ұшқыр жастар баспа ісі және дизайн кафедрасының жалпы әдістемелік жиналысында марапатталды. Оларды баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі Сағатбек Медеубекұлы шын жүректен құттықтап, ақ тілегін білдірді. Ал байқауды ұйымдастыруға белсене қатысқан кафедра ұстаздары Б. Әсембаева, Р. Әбдиева, Б. Омарова, М. Майлықұтова және «Шуақ» студенттік оқу-тәжірибелік жастар журналының бас редакторы Д. Балабекұлы жұмыстардың

ерекшеліктерін атап өтіп, салтанатты түрде марапаттау рәсімін бастады.

80 жылдық мерейтойға арнайы ұйымдастырылған байқауда 3-орынға баспа ісі және дизайн кафедрасының 1 курс студенті Дана Сейдраманова, 2-орынға биофизика және биомедицина кафедрасының 4-курс студенті Талшын Артыққызы, ал 1-орынға экономика және бизнес жоғары мектебінің 1-курс студенті Сымбат Талап ие болды.

Жеңімпаздарға ұстаздар тарапынан ақшалай сыйлықтар мен арнаулы сертификаттар табысталды. Байқау жеңімпаздарының үздік шығармалары ҚазҰУ-дың студенттік «Шуақ» оқу-тәжірибелік жастар журналының 80 жылдық мерейтойға арнаған арнаулы шығарылымында жарияланады.

Ақмөлдір ТІЛЕПБЕРГЕН,
баспа ісі және дизайн кафедрасы
меңгерушісінің ғылым, инновация және халықаралық қатынастар жұмысы жөніндегі орынбасары

Мерейтойға тарту

Баспа ісі және дизайн кафедрасының оқытушы- профессорлары 2013-2014 оқу жылында «Қазақ университеті» баспасында жарық көрген 14 кітапты «университетіміз бен факультетіміздің мерейтойларына тартуымыз» дейді.



Баспа ісі және дизайн кафедрасы және оның жанындағы «Құзыретті баспагер» оқу, ғылыми-зерттеу орталығы университетіміздің 80 жылдығын үлкен мереймен қарсы алды. Ол мерей мазмұны мынада:

Баспа ісінің қазақ жерінде бастау алғанына екі ғасырдан асса да оның мамандық ретінде оқытыла бастағалы және сол мамандыққа баулитын пәндердің бағыт-бағдары қалыптаса бастағалы он бес жылдан жаңа асты.

Пән оқыту амалдары мен тәсілдерінің іс жүзінде қолданысқа ену үдерісі, кәсіби тіл түзілімі және құзыреттілік ұғымдары мағынасының ғылыми негізде тұрақталуы үшін бұл көп уақыт емес. Десек те кафедра оқытушы-профессорлары мемлекеттік тілде әлі де қалыптаса қоймаған баспа және полиграфия аталымдары мен терминдерінің тізбесін, олардың түсіндірілімін, анықтамасын, айқындамасын жасауды, алдымен, қолға алды. Бұл мақсатта «Сөздік-Словарь» баспасымен өзара келісімшартқа отырып, А. Байтұрсынов атындағы Тіл білімі институтының ғылыми сараптамасынан кейін баспа ісінің және полиграфия аталымдары және терминдерінің түсіндірме сөздігін жарыққа шығарды. (Медеубекұлы С., Омарова Б., Әбдиева Р. «Баспа және полиграфия терминдерінің түсіндірме сөздігі» - А.: «Сөздік-Словарь», 2013 ж.)

Баспа және полиграфия жұмысы өндіріспен тікелей байланысты болатындықтан, жалпыға ортақ ережелерге, қағидаларға, нормаларға бағына отырып әрекет етеді. Ондай талаптар мемлекеттік және ұлттық мүддеге сай жасалады да жүзеге асады. Баспа ісі де, полиграфия да қоғамдық-әлеуметтік, қоғамдық-саяси, қоғамдық-экономикалық, қоғамдық-руханияттық жүйелердің бәріне тікелей араласады, нақтырақ айтқанда, соларға қызмет етеді.

Мемлекеттік, ұлттық мүдде тұрғысынан қарағанда да әр саланың өз мұрат-мақсаты тарапынан келгенде де жалпыға ортақ стандартты түзу, шығару, тарату және соған бағына отырып, жұмыс істеу басты міндет болып қалыптасқан. Еліміз тәуелсіздік алғаннан кейін баспа, полиграфия және кітапхана ісіндегі бұрынғы ұлттық стандарттарға да, халықаралық стандарттарға да қайта қарау керек болды. Кафедра ғалымдары Қазақстан Республикасы ұлттық мемлекеттік Кітап палатасымен бірлесе отырып, жаңа стандарттарды жасауға атсалысты. Осы сала бойынша екі бірдей оқу құралын жарыққа шығарды. (Мұқатаева Қ. Баспа ісіндегі стандарттар. Оқу құралы. А. «Қазақ университеті», 2012. 210 бет және Майлықұтова М. Баспа басылымдарының стандарттары. Оқу құралы. - А.: Қазақ университеті, 2013. 161 б.)

Әрине, баспа ісінің не екендігін жалпылама баяндағанымызбен, оның атқаратын қызметі, құрылымы, кәсіби машықтары, салалық ерекшеліктері, мамандардың қызметтік құзыреттері, әрекет етудің құқықтық негіздері туралы нақты біле бермейміз. Осы мәселенің



Досжан Балабекұлының коллажы

орнын толтыру мақсатында «Баспа ісінің негіздері» деген пән бойынша да оқу құралын дайындап, жариялады. (Омарова Б. Основы издательского дела: учебное пособие. - А., Қазақ университеті, 2013. 100 с.)

Баспа ісінің тарихы да, табиғаты да ғылыми негізде танылуы, оқылуы қажет. Кафедра ғалымдары бұл тұрғыда үздіксіз ізденіс үстінде. Кітап шығару тарихы жазылғанымен, оның қандай жолдармен, қалай шығарылғаны, кімдердің қандай күш жұмсағаны, қандай амал-тәсілдерді қолданғаны, қандай заңнамалық-құқықтық нормативтерге жүргені әлі толық зерттеліп болған жоқ. Алғашқы қазақ баспагерлері мен редакторлары дегенде кімдерді атап-атап айтатындығымыз да әлі анықталу үстінде. Біз өткенді іздеп жүргенде бүгінгің өзі тарихқа айналып кетуі әбден мүмкін. Сондықтан уақыт оздырмай заманауи талаптар нәтижесінде дүниеге келген жаңарымдық (инновациялық) технологияларды дер кезінде тану, таныту, оқытуды қолға алдық. Сол талпыныс барысында қазіргі баспа ісі туралы алғашқы оқу құралы жарық көріп үлгерді. (Әбдиева Р. Қазіргі баспа ісі: Оқу құралы. - А., Қазақ университеті, 2013. 130 б.)

Баспа ісін ұйымдастыру, жүргізу, басқару, жарнамалау, насихаттау, пайда табу, нәтижеге жету мәселелерінің отандық және шетелдік тәжірибелері бар. Қазіргі тілмен қысқартып айтқанда баспа ісінің менеджменті мен маркетингін, дәстүрлі әрі заманауи талғамдар мен танымдарды, тәжірибелерді студенттің білуі, ұтымды қолдануды үйренуі қажет. Осы қажеттілікті өтеу мақсатында кафедра ғалымдары баспа ісіндегі менеджмент пен маркетингі оқытуды қолға алды. Бірнеше жылдық оқыту, зерттеу тәжірибелерінен кейін мемлекеттік тілде оқу құралы студенттердің қолына тиді. (Әсембаева Б. Баспа ісінің менеджменті мен маркетингі: Оқу құралы. - А., Қазақ университеті, 2011. 105 б.)

Баспа және полиграфия өнімдерін даярлау, шығару, шыққан өнімді сұрыптау, іріктеу, топтау, тиісті орындарға жіберу, одан кейін тұтынушының қолына тигізу ағымдарының ақпараттық, қаржылық, экономикалық, қызметтік қажеттіліктерінің барлығын алдын ала жоспарлап, ең тиімді жолдарын қарастыру, аз шығын жұмсай отырып, ұтымды үйлестіру шеберліктерінің тарихи тәжірибелері мен

заманауи талаптарын үйрететін логистика пәні де оқу бағдарламасында бар. Бұл пән бойынша оқу әдістемелік кешен жасалып, жарыққа шығарылды (Логистика в книжном деле: Учебно-методический комплекс - құрастырған Мергенбаева Қ. - А.: Қазақ университеті, 2012. г.)

«Кітап мәдениеті» деген халықаралық ұғым бар. Мұның астарында кітапқа қатысты таным мен түсініктің, талғам мен талаптың, тәжірибе мен тағылымның, дәстүршілдік пен жаңашылдықтың мәні мен мағынасы тоғысқан. Алғашқы кітаптан бастап қазіргі электрондық кітапқа дейін қалыптасқан үрдістердің тағылымдық тұстарын анықтау, айту, үйрету - оқу үдерісінде ұмыт қалдыруға болмайтын ұлағатты іс. Кітап мәдениеті артқан тұста кітап сыны да бой түзейді. Мұнда қандай кітапты қалай және кімге арнап шығару және оны қалай оқу әдебі мен әдеттерінің әлемдік тәжірибелерінен сабақ ала отырып, ұлттық ерекшеліктерімізді дамыту үдерісіне атсалысу да болашақ маманның еншісіне тиесілі болса керек. Бұл тарапта да кафедра оқытушылары үлкен ізденісте (Әбдиева Р.С. Кітап мәдениеті. - А.: Қазақ университеті, 2013.).

Баспа ісі шығармашылықпен де, өндіріспен де тікелей байланысты жүзеге асады. Өндіріссіз бірде-бір басылым жарыққа шықпайды. Баспа өнімді жоспарлайды, ұйымдастырады, ұлттық және халықаралық стандарттарға сай әзірлейді, редакторлық, түзеткерлік, техникалық, безендік дайындықтардың барлығын полиграфия мүмкіндіктері мен талаптарына сай және ондағы технология ережелеріне сәйкес дайындайды. Болашақ баспагер-редактор полиграфия өндірісінің технологиясын біліп шыққанда ғана өз мамандығына құзыретті болады. Демек, ол бұл жөнінде де тыңғылықты білім алып шығуы тиіс. Осы талаптардың үдесінен шығу мақсатында қажетті оқу құралдары дайындалды (Омарова Б.Ә., Әбдиева Р.С. Полиграфия өндірісінің технологиясы: Оқу құралы. - А., Қазақ университеті, 2013.).

Мәтінді әдеби редакциялаудың басты әдіс-тәсілдерін үйрету ең басты міндетіміз деп білеміз. Онсыз, яғни әдеби редакциялау үдерісінен өтпей бірде-бір басылым жарыққа шыға алмайды. Көркем әдебиет мәтінін саралау бір басқа да, ғылыми-танымдық басылымдар мәтінін редакциялау өзгеше, ал балаларға арналған кітаптарды өңдеу бір басқа да,

оқулықтарды сарашы сүзгісінен өткізу де бөлек. Сондықтан бұлардың кәсіби ерекшелігі және салалық бағыты өздеріне тән редакциялау амалдарын талап етеді. Соларды оқытып-үйрету оқытушылардың басты міндеті болғандықтан бұл бағытта да арнайы оқу құралдарын дайындады (Мухамадиева Л.И. Теория и методика редактирования: учебно-методическое пособие. - А.: Қазақ университеті, 2013. Медеубекұлы С.М. Басылымды редакторлық әзірлеу: оқу құралы. - А.: Қазақ университеті, 2013.).

Біз тек баспадағы әдеби редактор машықтарын үйретіп қана қоймаймыз. Техникалық редактордың да, жоспарлаушы мамандардың да кәсіби ерекшеліктерін білдіруге тырысамыз. Авторлық баспа табақты есептеу тәсілдерін, авторлық қаламақыны есептеу жолдарын, есептік табақты, шартты баспа табақты, болашақ кітап өлшемін, қағаз, қатырмақағаз, картон, бояу, шығындарын есептеу амалдарын да оқытамыз. Кітап өндірісінде мұның бәрі - редактордың жадында болатын кәсіби машық талаптары. Сондықтан да баспадағы және полиграфиядағы шығын түрлерін алдына ала біліп, оларды болдырмауды үйрену керек. Бұл мүддеге сәйкес оқу-әдістемелік құрал студенттердің пайдалануына берілді (Омарова Б.Ә., Әбдиева Р.С. Баспа-полиграфия шығындарын есептеу: оқу құралы. - А.: Қазақ университеті, 2013.).

Тағы үш кітап жөнінде айта кеткен орынды. Олардың екеуі профессорымыз А-Х.Ф. Мархабаевтың екі томдық монографиясы. Баспа полиграфия саласында ғылыми-танымдық басылымдарды даярлау, зерттеу әдіс-амалдарын оқытумен айналысатын ұстаз бұл монографияларын университетіміз бен факультетіміздің мерейтойына арнады (Мархабаев А-Х.Ф. Фантастика негіздері Екі томдық. 1-2-томдар. А., Қазақ университеті, 2013.).

Факультеттің 80 жылдық мерейтойына арналған энциклопедиялық-анықтамалық сипатындағы шежіре-кітап та кафедра оқытушыларының қомақты сыйы деп білеміз (Ұлт сөзгерлері ұшқан ұя - құраст. С. Медеубекұлы - А.: Қазақ университеті, 2014. 228 б.)

Сағатбек МЕДЕУБЕКҰЛЫ,
баспа ісі және дизайн кафедрасының меңгерушісі,
ф.ғ.к., доцент

Жалғасы. Басы 1-бетте

ЖҰМЫС БЕРУШІЛЕР ФОРУМЫ



Осылар үшін тиімді десек, екінші жағынан, бізге жұмыс берушілер ҚазҰУ-дың 80 жылдық тарихындағы жетістіктерге көздері жетіп отыр», - деп атап өтті.

Форумға 100-ден астам отандық және халықаралық компаниялар, ұйымдар, бизнес, ғылым және өндіріс салаларының жетекші өкілдері қатысты. Солардың інінен алғашқы сөз кезегін алған Қытай Халық Республикасының Бас Консулының міндетін атқарушы Дэн Шанлинг: «ҚазҰУ — Қазақстандағы ең алдыңғы қатарлы оқу орындарының бірі. 80 жылдық тарихи жолда бұл оқу орны биік белестерден ғана көрініп қоймай, көптеген жетістіктерге де қол жеткізе білді. Оған Қазақстанның өнеркәсіптік, экономикалық жетістіктерге жетуіне ықпал еткен осы оқу орнының профессор-оқытушылар құрамы мен бітіруші түлектерінің үлесі дер едім. Сондай-ақ ҚазҰУ шетелмен байланыс орнатуда өзінің үлкен жетістіктерін көрсетіп келеді. Қазақстан мен Қытай достық қарым-қатынаста екенін білесіздер. Осындай форумды өткізе отырып, біз берік серіктестік пен шынайы достықтың


жақсы нышанын көрсетіп отырмыз. Ежелгі қытай ойшылы Лао Цзы: «Саяхаттың жолы бірінші қадамнан басталады», - деп айтып кеткен. Меніңше, бүгінгі бастау алып отырған жол — жетістікке апаратын жол», - деп өзінің шынайы ілтипатын білдірді.

Форумда Австрия елшілігі Сауда бөлімінің бастығы әрі Сауда Атташесі Михаэль Мюллер, «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» ДБ БҰ Басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинова, АҚ «Қазақстан Халық Банкінің» басқарма төрайымы Үміт Болатханқызы Шаяхметованың атынан аппарат жетекшісі Ермек Қойшыбаев, «EFES Kazakhstan» компаниясының Алматы зауытының директоры Сабыржан Белгібаевтар сөз алып, Қазақстанның жетекші классикалық университеті мәртебесіне ие Қазақстан білімі мен ғылымының ірі орталығы, жоғары кәсіби, жоғары оқу орнынан кейінгі білім мен ғылымның инновациялық дамуының ұлттық көшбасшысы екендігін атап өтті.

Әсіресе «Назарбаев зияткерлік мектептерінің» ДБ БҰ Басқарма төрайымы Күләш Шәмшидинова пікірі ерекше назар

аудартты. Өз сөзінде: «Бүгінде білімді бағалау, оқушы мен ұстаз арасындағы қарым-қатынас өзгеріп жатыр. Өзгермей отырған бір нәрсе бар, ол — мектепке білімді әрі білікті ұстаздың керектігі. Сондықтан «Назарбаев зияткерлік мектептеріне» химиядан, физикадан, биологиядан, математикадан сапалы білім беретін, қазақ тіліне жетік, орыс пен ағылшын тілдерін кәсіби маманына пайдалана алатындай, елін сүйетін ұлтжанды, патриот, тілін сүйетін ұстаз керек. Өйткені елжанды азамат тәрбиелеу

осы жұмысты жалғастырығымыз келеді. Себебі елімізде 15 «Назарбаев Зияткерлік мектебі» жұмыс істеп отыр. 2015 жылдың соңына таман 20 мектеп жұмыс істейді деп жоспарлап отырмыз. Алматыда қазір екі мектеп салынып жатыр. Бізге ҚазҰУ-дың базасы өте қажет. Ғылыми жұмысқа бейім балаларды отандық және шетелдік ғылыми орталықтарға жібереміз. Тәрбие жұмысына сіздерден біз «100 кітап» жобасын алдық. Осы жобаға байланысты аудиохрестоматия жазғалы жүргенбіз. Бұған бізге журналистика факультетінің



© Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ

үшін ұстаздың өзі ұлтжанды болуы керек. Сондай ұстаздарды біз сіздерден күтеміз», - дей келіп, «Болашақ өмірін ұстаздықпен байланыстыра алатын жас студенттер болатын болса, өзіміздің мектептің базасында тәжірибе ұйымдастыруға дайынбыз. Ұлттық университетімізді ұлттық ғылыми зерттеу орталығы деп білеміз. 2010 жылы «Назарбаев зияткерлік мектебінің» оқушылары химиядан, физикадан, биологиядан, математика факультеттерінің элективті пәндерінен өткен еді. Бүгінді бұл тоқтап қалды. Біз

«әл-Фараби радиосының» үлкен көмегі болды. Осы жобаны одан әрі іске асырсақ, Қазақстандағы өзге де мектептерге ұсынар едік. Сондықтан сіздердің оқытушы ғалымдарыңыз ғылыми жобаларға ғылыми жетекшілік етіп, тәрбие жұмыстарына қолдау көрсетеді деген үлкен үмітіміз бар», - деп атап өтті.

Форумда ҚазҰУ бітіруші-түлектерінің халықаралық деңгейде басқа әлемдік университеттер түлектерімен бәсеке болу мақсатында және болашақта танымал шетелдік университеттерге түсу жолдарын оңайлату мақсатында ҚазҰУ-дың 5 бітіруші түлектеріне, атап айтқанда, химия факультетінің студенті Әйгерім Қайдарға, биология факультетінің студенті Ботагөз Үсіпбекке, математика факультетінің студенті Дархан Өмірзақовқа, география факультетінің студенті Ләззат Кайбалдиеваға, физика факультетінің студенті Дәурен Әділбековке Diploma Supplement алғашқы куәлігі берілді. Одан кейін ведомствалық марапаттауларды ұсыну үшін ҚазҰУ жұмыс берушілеріне сөз беріліп, «Назарбаев зияткерлік мектептері», Алматы қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар басқармасы, «Софтлайн Трэйд» жауапкершілігі шектеулі серіктестігінің директоры Дю Аннан мен ҚазҰУ арасында тікелей ынтымақтастықты орнату мақсатында алғашқы меморандумға қол қойылды. Өйткені Назарбаев зияткерлік мектептері - қазіргі таңда республикадағы ең беделді оқу орындарының бірі. Келесі жылы Алматыда жаңа екі Назарбаев зияткерлік мектебі ашылады, бұл мектептерді кадрмен қамтамасыз етуде және соңғы жылдары ҚазҰУ түлектерді жұмыспен қамтамасыз ету жолдарын жүйелі түрге салып, биылғы жылдан «Білім алушыларды үздіксіз тәжірибелік дайындаудың тұжырымдамасы» іске қосылды.

Римма ЖАҚСЫЛЫҚБАЕВА,
баспасөз және электронды БАҚ
кафедрасының доценті



ҚазҰУ-да университеттің 80 жылдығына және 1 маусым балаларды қорғау күніне арналған шахматтан XIV дәстүрлі Олимпиада өтті

Тамсандырған түлектер балы

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің 80 жылдық мерейтойына орай «Мерейтойлы онкүндігіміздің» нүктесін қойып, қорытындысын жасаған Түлектер балы аса жоғары салтанатты деңгейде өтті. Бұл күні ҚазҰУ көптеген қоғам, мемлекет, мәдениет қайраткерлері болып табылатын барша түлектердің басын қосты. Бірақ, айта кетерлігі, сол мыңдаған түлектердің ішінде бұл күні ертең өздерінің бітіру жұмыстарын қорғап, дипломдарын қолға ұстағалы тұрған биылғы түлектерге ерекше толғаныс беріп, аса маңызды болғаны сөзсіз. Олар қара шаңырақтың мерейлі тойымен тұспа-тұс келген түлектер күніне барынша қызу дайындықпен қатысты.

Түлектер күнін бастаған жүргізушілердің сөзінен кейін түлектерден құралған дебютанттар ортаға шығып полонез биледі. Тамаша биден кейін ҚазҰУ ректоры Ғ. Мұтановқа сөз берілді. Ректор құттықтау сөзінде: «Барлық университет тек өзінің түлектерімен ғана мақтана алады. Сіздер қаншалықты дұрыс тәрбие алдыңыздар, қаншалықты жақсы құндылықтарды бойларыңызға сіңіре білдіңіздер, сіздердің ертеңгі өмір жолдарыңыз да соған байланысты болады. Сондықтан, құрметті біздің түлектеріміз! Біз сіздермен әрқашан мақтанамыз. Өйткені сіздер осы еліміздің ең іргелі әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің түлектерісіздер!», - деді.

Жалынды жастарды марапаттау салтанатынан кейін ректор Түлектер балын ашық деп жариялап, ортада 50 жұп дебютанттың өнері тамашаланды. Салтанатты шарада филология, әдебиеттану және әлем тілдері факультетінің 4-курс студенті, «Ұлттық құрама» жайдарман тобының ең белсенді мүшесі, биылғы ҚазҰУ түлегі Нұрсұлтан Жақсығенов: «Міне, бұйырса біз де алтын ұямызды бітіргелі тұрмыз. Мен бүгін үлкен қуаныштымын. Тамаша түлектер балы ұйымдастырылып отыр. Бұл - біз үшін үлкен қуаныш. ҚазҰУ-ға түскелі үлкен-үлкен жетістіктерге жеттім. Университетім мені биік шыңдарға жетеледі. Ұстаздарыма, оқытушыларыма,



мерейтой аясында ұйымдастырылып отырған Түлектер күнінде факультетке барлық топтастарымызбен бас қосып, мәре-сәре болдық. Тіпті, мынадай үлкен кітапхананың залында өтіп жатқан Түлектер балын, ондағы жастарды көріп ерекше тебіреніп тұрғаным жасырын емес. ҚазҰУ-да студенттерге мол жағдай жасалыпты. Бәрі керемет, бейне бір ертегі әлеміндей. Біз бітірген 1979 жылы мұндай ғимараттар, әсем безендірілген залдар болмаған еді. Ал қазір сөзбен жеткізу мүмкін емес. Мен және менің топтастарым тағы бір мәрте ҚазҰУ-да оқып, білім алғымыз келіп кеткенін жасырмаймыз. Біз қанат қаққан университетіміз барынша жасарып, жаңданып кетіпті. Білім алған факультетіміздің өзінде бірнеше жаңа кафедралар ашылыпты. Бүгінгі Түлектер балы біздің жастық дәуренімізді қайта оралтқандай, ғажап сәтке жетелеп тұр», - деп ерекше әсерімен бөлісті. Ал биылғы ҚазҰУ түлегі, «Сұңқар» студенттер кәсіподағының төрайымы, экономика және бизнес жоғары мектебінің 4-курс студенті Айдана Сыдықова университетінің 80 жылдық мерейтойында тұспа-тұс келіп отырған

бұл қуанышты, түлектер күнінде бітіргелі отырған мерейлі шағын жақсылыққа балап, осындай шараны жоғары деңгейде өткізіп отырған университет басшылығына алғысын жеткізді.

«Ақ көйлек, смокинг, бабочка». Мұның бәрі әдемі кештің, жоғары талғамның, эстетикалық тәрбие белгілерін көрсетеді. Бүгінде елімізде жастармен ұйымдастырылатын мәдени кештер бал мәдениетін дамытып, сондай шараларда вальсбилеу үлкен танымдылыққа ие болып келеді. Бұл кеште де дебютанттардың бірнеше тобы дайындалған болатын. Соның бірі ерекше көзге түскен ҚазҰУ-дың әскери кафедрасы курсанттарынан құралған дебютанттар вальсі екені сөзсіз. Әдемі де, әсерлі вальстен кейін керемет ойын түрлері, жарыс билері, «Сұңқар» студенттер кәсіподағының биі, көңілді әндерге билер, әзілмен өрілген өнерлермен жалғасын тапты. Ең бастысы, Түлектер күні талай жастың жүрегінде сақталып қалары сөзсіз.

Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Суреттерді түсірген автор



ҚазҰУ студенттерге тек сапалы білім беріп қана қоймай, олардың толыққанды тұлға болып қалыптасуына барлық жағдай жасайды. ҚазҰУ-дың студенттік өзін-өзі басқару ұйымдарында қызмет еткен әр студент қоғамның дамуына ерекше үлес қосуға қабілетті жас болатыны сөзсіз. Белсенді ҚазҰУ студенттеріне ректордың бұйрығымен бекітілген «Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетіне 80 жыл» мерекелі медалі және арнаулы алғыс хаттар табысталды.

барша ҚазҰУ ұжымына алғысым шексіз. Біз жоғары Лига чемпионатын бағындырдық. Ендігі мақсат Ресейді бағындыру. Содан кейін Сочиге бару», - деп алдағы мақсат-міндеттерімен және тамаша көңіл-күйімен бөлісті. Тіпті, осы күнге арнайы келген қонақтар да бар екен. ҚазҰУ-дың 1979 жылғы түлегі, ҚР Сенаты аппараты қызметінің зейнеткері Гүлдария Райымбекова ханым: «Біз ҚазҰУ-дың тарих факультетінде 1974-1979 жылдары аралығында білім алдық. Бүгін 80 жылдық



ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ректораты

РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор – Саягүл ӘЛІМБЕКОВА
Жауапты хатшы – Дариға АМАНГЕЛЬДИЕВА
Тілшілер. Әйгерім ӘЛІМБЕКОВА, Ақмарал ҚУАНЫШЕВА
Дизайнер – Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ
Корректорлар: Гүлжан РҮСТЕМБЕКОВА, Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА

МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71, ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.
Байланыс телефоны: 377-33-30, ішкі: 11-94, тікелей: 377-31-48.
Электронды мекенжай: kazuniver-gazeti@mail.ru

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді.
"Гамма-принт" баспаханасында (Райымбек даңғылы, 369) басылды.
Тел.: 8 (727) 247-98-30, 247-98-31

Бағасы келісім бойынша.
Таралымы 1000 дана.
Тапсырыс № 699

- Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.
- «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.
- Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.